

Выводы

В результате исследований внутригодового распределения стока бассейна р. Иле были получены уточненные данные о распределении стока рек. Выявленные изменения во внутригодовом распределении стока обусловлены удлинением рядов фактических наблюдений и произошедшими изменениями стока под влиянием климатических и антропогенных факторов. Кроме того, по 4 гидрометрическим створам получены новые данные.

Литература

1. СП33-101-2003 «Определение основных расчетных гидрологических характеристик» - ГосСтрой, Москва, 2004.с.7-30.
2. Ресурсы поверхностных вод СССР. Т. 13 Центральный и Южный Казахстан, вып.2. Бассейн оз. Балхаш. Л.: «Гидрометеиздат», 1970. с.111-132.
3. *Андреянов В.Г.* Внутригодовое распределение стока.- Л.: Гидрометеиздат, 1960.-28 с.

Алдиярова А.Е., Асанбеков Б.А., Қайпбаев Е.Т.

ІЛЕ АЛАБЫ ӨЗЕНДЕРІ АҒЫНЫНЫҢ ЖЫЛ ІШІНДЕГІ ТАРАЛУЫН ЗЕРТТЕУ

Түйіндеме Мақалада Іле өзені алабының негізгі өзендері ағынының жыл ішіндегі және маусымдық таралуын есептеу әдісі көрсетілген. Есептеулер Шелек, Түрген, Қаскелен, Үлкен Алматы өзендері бойынша В.Г. Андреяновтың жинақтау тәсілімен жүргізілді. Бақылау кезеңдер 1983-2012 жылдар аралығын қамтыған.

Aldiyarova A.E., Assanbekov B.A., Kaipbayev E.T.

INTRAANNUAL DISTRIBUTION OF THE FLOW WITH THE ILI BASIN RIVERS AS AN EXAMPLE

Summary The article discusses the methodology of calculating intraannual distribution of the flow of the Ili basin main rivers. Calculations of flow distribution is made on the rivers Shelek, Turgen, Kaskelen, Ulken Almaty by V.G. Andreyanov method. The observation period was 1983-2012 years.

ӘОЖ:635.63 (574.51)

Аманжолова С.Е., Құрманғалиева Н.Д., Нүсіпова А.О.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОҢТҮСТІК-ШЫҒЫС ЖАҒДАЙЫНДА ҚИЯР СОРТУЛГІЛЕРІН ШАРУАШЫЛЫҚ ҚҰНДЫ БЕЛГІЛЕРІ БОЙЫНША БАҒАЛАУ

Аңдатпа

Бұл мақалада Сайлау, Памяти Кабириной, Калисто, Вязниковский Мейрам(st) сорттары мен Сантана F₁, Закусочный F₁, Наф-Фанто F₁, Наша МашаF₁, Водолей F₁, Чемпион F₁, Крепыш F₁(st) будандары жалпы және тауарлық өнімділігі бойынша зерттеліп, бағаланды.

Кілт сөздер: Қияр сортүлгілері, өнімділік, төзімділік, фенологиялық бақылау, будан.

Кіріспе

Қияр дақылы – ежелден-ақ халық тағам ретінде жақсы тұтынатын көкөніс дақылдарының бірі болып саналады. Әсіресе, дәмдік сапасы жағынан жоғары бағаланады. Бұл дақылдың біздің елде кеңінен таралуы, ең бірінші оның жасаң және өңделген күйінде пайдаланылатын жемісінің дәмдік сапасының жоғарылығымен түсіндіріледі. Ол тәбетті ашады, сондай ақ басқа да тағамдардың дұрыс сіңуін жақсартады.

Әлемде көкөніс шаруашылығында қияр дақылын ашық танапта және жылыжайларда өсіру қарқынды дамуда. Қиярдың өзіндік құны жоғары, сондықтан дақылдың тек агротехникалық өңдеуіне ғана емес, сондай-ақ қолайсыз ауа райы жағдайында да мол өнім беретін жаңа сорттар мен будандарды шығарып, өндіріске ұсынылуына көп көңіл бөлінуде. Бүгінгі күні өндіріске қиярдың жаңа гетерозисті будандары мен сорттарын енгізу-жоғары өнім алу мақсатында ең тез және тиімді жету жолдарының бірі болып табылады. Қиярдың жаңа сорттары мен будандары жоғары өнімділігі, дәмдік және тауарлық сапасы, түрлі аурулар мен зиянкестерге төзімділігімен ерекшеленеді.

Қияр сортүлгілерін шаруашылық құнды белгілері бойынша зерттеу жұмыстары Алматы облысы Қарасай ауданындағы Қазақ картоп және көкөніс шаруашылығы ғылыми зерттеу институтының тәжірибе танабында өткізілді. Танаптың топырағы ашық қара-қоңыр, қарашірік мөлшері орташа қамтамасыз етілген.

Ашық танапта қиярдың Мейрам (бақылау), Сайлау, Памяти Кабириной, Калисто, Вязниковский, сорттары мен Крепыш F₁(бақылау), Сантана F₁, Закусочный F₁, Наф-Фанто F₁, Наша Маша, Водолей F₁, Чемпион F₁ будандары егілді. Бақылау ретінде Алматы облысында аудандастырылған сортүлгілер алынды.

Зерттеу нәтижелері

Алғы дақылды жинағаннан кейін танапты 27-30см тереңдікте сүдігер жырту, көктемгі қопсыту жұмыстары мұқият жүргізілді. Қияр коллекциясында 5 сорт, 7 будан сыналды. Ашық танапта 1,4x0,70 м сұлбасымен, тұқымды себу мамырдың бірінші он күндігінде жүрізілді.

Қияр дақылын күтіп баптау - танапты арамшөптерден таза ұстау (3-4 рет), қатараралықты өңдеу (2 рет культивация), минералдық тыңайтқыштар енгізу, бораздалап суару (13-14 рет), фенологиялық бақылау, сондай ақ өнімді жинау және зерттеу жұмыстары пісу мерзіміне қарай өлшеу тәсілімен жүргізілді. Өнімді жинау аптасына 3 рет, вегетация бойы 27 рет жүргізілді.

Қияр сортүлгілері морфологиялық белгілері бойынша бағаланды: өсімдіктің гүлдену түрі, тармақтануы, жапырақ түсі мен пішіні, жемісінің көлемі мен пішіні, кедір-бұдырлығы (1-кесте).

Кесте1 - Қияр сортүлгілерінің морфологиялық белгілері

№	Сорт үлгілер	Өсімдік биіктігі, м	Тармақтануы	Жемісінің сипаттамасы				
				ұзындығы, см	пішіні	түсі	кедір-бұдырлығы	түктену түсі
1	Мейрам st	1,36	орташа	10-11	цилиндр тәрізді	қошқыл-жасыл	ірі	ақ
2	Сайлау	1,40	орташа	10-11	жұмырлау	қошқыл-жасыл	ірі	ақ
3	Памяти Кабириной	1,90	орташа	10-11	жұмырлау	қошқыл-жасыл	ірі	ақ
4	Калисто	2,20	орташа	11-12	сына тәрізді	қошқыл-жасыл	орташа жиі	ақ

5	Вязниковский	2,0	орташа	12-13	жұмырлау	жасыл	орташа	ақ
6	Крепыш F ₁ st	2,10	орташа		жұмырлау	қошқыл-жасыл	ірі	ақ
7	Сантана F ₁	2,15	орташа	9-10	жұмырлау	қошқыл-жасыл	ұсақ	ақ
8	Закусочный F ₁	2,55	орташа	10-11	жұмырлау	қошқыл жасы	ірі	ақ
9	Наф-фанто F ₁	1,9	орташа	9-10	сопақша	қошқыл-жасыл	ірі	ақ
10	Наша Маша F ₁	2,25	орташа	9-10	сопақша	қошқыл-жасыл	орташа	ақ
11	Водолей F ₁	1,85	орташа	10-11	цилиндр тәрізді	қошқыл-жасыл	ірі	ақ
12	Чемпион F ₁	2,05	орташа	10-11	сопақша	қошқыл-жасыл	ірі	ақ

Жемістерінің сипаттамасы бойынша Мейрам бақылау сортымен салыстырғанда 1-2 см ұзынырақ болған Калисто және Вязниковский сорттары, ал будандар ішінен Наша Маша F₁ Сантана F₁ кедір-бұдырлығы орташа және ұсақ жағынан ерекшеленді, қалған көрсеткіштер жағынан айтарлықтай айырмақшылықтар байқалған жоқ.

Қияр сортүлгілер 2 бақылаумен салыстырыла бағаланды. Сайлау, Памяти Кабириной, Калисто, Вязниковский сорттары бақылау ретінде Мейрам сорты, ал Сантана F₁, Закусочный F₁, Наф-Фанто F₁, Наша Маша, Водолей F₁, Чемпион F₁ будандарына бақылау ретінде Крепыш F₁ буданы алынды (2-кесте).

Кесте 2- Қияр сортүлгілерінің өнімділік көрсеткіштері

№	Сорт үлгілер	Өнімділік, т/га		St-қа қосымша үстеме өнім, %		I. онкүндік бойынша өнім мөлшері, т/г	Бір жемістің салмағы, г
		Жалпы	тауарлық	жалпы	тауарлық		
1	Мейрам st	35,7	34,3	100,0	100	2,1	96
2	Памяти Кабириной	37,2	35,1	104,2	102,3	1,1	95
3	Калисто	38,0	36,8	106,2	107,2	2,2	105
4	Сайлау	34,5	33,1	96,6	96,0	2,5	97
5	Вязниковский	16,1	15,0	45,0	43,7	3,9	86
6	Крепыш F ₁ st	21,7	19,7	100,0	100,0	2,3	90
7	Сантана F ₁	23,3	21,4	107,3	108,6	3,3	86
8	Закусочный F ₁	23,7	21,5	109,2	109,1	2,6	83
9	Наф-фанто F ₁	23,2	21,1	107,0	107,1	4,8	91
10	Наша Маша F ₁	23,1	21,8	106,4	110,6	2,2	88
11	Чемпион F ₁	24,5	22,5	113,0	114,2	2,7	91
12	Водолей F ₁	20,3	19,0	93,5	96,4	3,3	95

Қияр сорттары өнімділігі бойынша келесідей нәтижелерді көрсетті: жалпы өнімділік бойынша 2 сорт ерекшеленді. Мейрам бақылау сортымен салыстырғанда 1,5–2,30 тонна жоғары болған Калисто - 38,0 т/га, Памяти Кабириной – 36,8 т/га. Сонымен қатар 4 будан ерекшеленді: Сантана F₁, Закусочный F₁, Наф-фанто F₁, Наша Маша F₁, Чемпион F₁, Крепыш

F₁бақылау буданымен салыстырғанда өнімдері 1,6-2,8тоннаға басым болды. Өнімділігі жоғары болған сайынбір жемістің салмағы да жоғары көрсетті (91-105г).

Қорытынды

1. Қияр сортұлгілерінің құнды морфологиялық белгілері бойынша Калисто, Вязниковский сорттары және Сантана F₁, Наша Маша F₁ерекшеленді.

2. Қияр сортұлгілерінің тауарлық өнімділігі бойынша Памяти Кабириной, Калисто сорттары Сантана F₁, Наша Маша F₁, Чемпион F₁,Закусочный F₁будандары бақылаудан өнімдері гектарына 0,8-2,5 және 1,7-2,8 тоннаға артық алынды.

Әдебиеттер

1. Нусупова А.О. выращивание семян огурца на юго-востоке Казахстана. Рекомендации Алматы 2010.

2. Кабирова Л.В. Селекция и семеноводство сортов огурца в Казахстане с использованием форм, относящихся к различным половым типам. Алматы 2004.

Аманжолова С.Е., Курмангалиева Н.Д., Нусупова А.О.

ОЦЕНКА СОРТООБРАЗЦОВ ОГУРЦА ПО ХОЗЯЙСТВЕННО-ЦЕННЫМ ПРИЗНАКАМ В УСЛОВИЯХ ЮГО-ВОСТОКА КАЗАХСТАНА

В статье рассмотрено изучения сортов и гибридов огурца по хозяйственно-ценным признакам. Сортобразцы прошли оценку по морфологическим и биологическим признакам: учитывали тип цветения растений, тип ветвления, цвет и размер листа, размер и форму плода, характер бугорчатости, цвет шипа и характер опушения.

Ключевые слова: сортобразцы огурца, продуктивность, устойчивость, фенологические наблюдения, гибриды огурца, гетерозис.

Amanzholova S.E., Kurmangalieva N.D., Nusupova A.O.

EVALUATION OF PROMISING ACCESSIONS OF CUCUMBER IN CONDITION OF SOUTH-EAST KAZAKHSTAN

The article considers the study of varieties and hybrids of cucumber on economically valuable traits. Sortoobraztsov were evaluated by morphological and biological features: consider the type of flowering of plants, type of branching, color and size of the sheet, the size and shape of the fruit, tuberous character.

Key words: accessions of cucumber, productivity, sustainability, phenological observations, hybrids of cucumber, heterosis.